

при распашке 100 га на 15–20 га зря тратятся трудовые ресурсы, топливо, семена, удобрения и пестициды. Поэтому крестьяне перестали распахивать земли, включающие значительное количество ухудшающих пашни вкраплений, концентрируют силы и средства на высокопродуктивных землях

#### ЛИТЕРАТУРА

1. Земельный кодекс Республики Казахстан. Астана: Сарыарка, 2003.
2. Мирзадинов Р.А. Современные представления об экотонах и их роль в изучении пустынь // Проблемы освоения пустынь. 1988. №3. С. 3-11.
3. Мирзадинов Р.А., Дюсембин Е. Геоэкология и динамика геосистем // Материалы международной научной конференции: Актуальные проблемы экологии. Караганда, 2004.
4. Гендельман М.А., Подольский Л.И. и др. Землеустроительное проектирование. Алматы, 1999.
5. Гендельман М.А., Крыкбаев Ж.К. Научные основы землеустройства. Астана, 2004.

6. Почвенная карта Зерендинского района Кокшетауской области. М 1:100 000, 1975.

7. Почвенная карта Кокшетауского района Кокшетауской области. М 1:100 000, 1978.

#### Резюме

Егістік жерлердің топырак-экологиялық сипаттамалары талқыға салынған. Егістіктердің сапасын нашарлататын құрамындағы енгізбелер 20% артық болса, ол жерлерді экономикалық тұргыдан пайдалану тиімсіз. Тиімді пайдаланатын жерлерге бірінші және екінші агроөндірістік топырак топтары бар егіндіктер кіреді.

#### Summary

An analysis of the ecological nature of ploughing soil was conducted. It is economically unprofitable to use fields with a deteriorating quality of 20% or more. It is more profitable to use first and second agronomic soil groups.

Поступила 6.02.06г.

*К. АЛДАЖҰМАНОВ, Қ. М. ЕРІМБЕТОВА*

## КЕҢЕС МЕМЛЕКЕТИНІҢ ТҰРҒЫНДАРДЫ ҚОНЫСТАНДЫРУ ЖӘНЕ ҚӨШІ-ҚОН САЯСАТЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРИ

Өмір сүріп отырған ортадағы заңдылыктардың орындалмауы, қабылданған тәртіп ережелерінің сакталмауы жағдайында қоғамдық қатынастарды елестету өте қыын. Себебі қоғам заңдылықтарын бұза отырып, адамдар сол қоғамдағы бейбіт тұрмыстың бұзылуы мен қоғамдық дағдарыстардың болуына әсерін тигізеді. Қоғам өмірін жан-жақты дамыту алдыңғы қатарлы жоспарды жүзеге асыру бейбіт және өркениетті әдістерді қолданғандаған нәтиже берепі хәқ. Еліміздің кеңестік тарихи кезеңінде мемлекеттік құрылышты құштеп өзгерту салдарынан қоғам хаосқа, қанды азamat соғысына, халықтардың ақтар мен қызылдарға т.б. бөлінуін туғызғаны белгілі. Бұл адамдар бойында бір уайымнан екіншіге, қынышылықтармен ұласып, қоғамды дағдарысқа, халықты мәнгүрттікке бейімдеді.

Өркениетті қоғам орнатуды мақсат тұтқан казан төңкерісі ақыр соңында қатал билік пен мемлекеттің бытыранқылығын тудырды. Сондықтан да қоғам өмірін дамыту жөніндегі мәселелермен айналысатын саясаткерлердің өзіндік ой-тұжырымдарымен көрегендік танытуы шешуші рөл атқарады.

Бұдан 2,5 мың жыл бұрын ежелгі данышпан Со-

крат: «ешқашан заңға қайшы тұрмаймын, тек қана олар (заңдар) ақыл-ой елегінен өтүіне талпындым» деген екен. Сондықтан да ағымдағы заңға қарсы қарудың да, баррикаданың да қажеті жоқтығын, шыдамсыздық, біреуді қаралау, қалай болса солай заңды таптаудың қажеті жоқтығын, кімде-кім қоғамды жетілдіргісі немесе дамытқысы келсе ең алдымен адамның санасын, оның адамгершілігін жетілдіру және жақсартуға шакырыды.

Сондықтан да 7 ғасырда шығыстың ақын суфий Амир Хосров Дехлеви айтқандай: «...саясаткер-лердің қолында бұзатын және құртатын қанжар емес, қоғам өмірін жандандыратын және жақсартатын сөз берін болуы шарт» [1]. Ендеше Қазақстан тарихындағы сонау патшалық Ресейдің отаршылдық саясаты кезеңіндегі қоныстандыру саясатын айт-қанда, кеңестік дәүірдегі қоныстандыру және қөші-қон саясатының жоспарлы жүргізілгенімен, ондағы іс-әрекеттердің жүгенсіздігі нәтижесінде төл ұлттымыздың сана-сезімі мен қоғамдағы ортага әлеу-меттік-психологиялық бейімделуде, рухани мұрраттарымызды саралауда кедергі келтіріп қана қойған жоқ, оларды сынаржакты

идеяның сойылына ұрындырды. Елді индустримальдыруды жүзеге асырудың бірден бір көзі ретінде «көсеміміз В. И. Ленин» тұрғындары сирек орналасқан, жерлері шүйгін шығыс аймақтардың мол табиғи байлығын кешенді пайдалану деп көрсетті. Бұл ұлы міндеттің шешімін «көсеміміз» тұрғындардың көші-қонымымен ғана байланыстырды.

Кеңес өкіметінің көші-қон саясатының негізгі Ережелерін В. И. Ленин жер туралы Декретте мазмұндауды. Кеңестердің жалпыресейлік II съезі: «барлық жергілікті тұрғындардың сұранысына қарай жергілікті жерлердегі қажетті жер қорлары жеткіліксіз болған жағдайда тұрғындардың бір белгі қоныстандырылады, қоныстандыруды ұйымдастыру, шығындар, қажетті заттармен қамтамасыз ету т.б. жауапкершіліктерді мемлекет қолына алуы тиіс» [2], деп мәлімдеді.

Кеңес өкіметінің алғашқы құжаттарында ақ тұрғындар көші-қонының социалистік принциптері жасалынды, сол кезеңдегі шаруашылықтағы күйзеліске, қаржы жүйесінің былығына қарамастан, кеңестік мемлекет халық бұқарасын қоныстандырудың материалдық және қаржылық шығынын көтеруді өз қолына алды.

Көші-қон саясатының әдістері 1918 ж. 27 қаңтар (9 акпан) Кеңестердің жалпыресейлік III съезінде «жерді әлеуметтендірудің негізгі заңы» тарауындағы қоныстандыру туралы шешімінде одан әрі жетілдірді. 1924 ж. 2-8 наурызда болған жер мәселесі жұмысшылар органдарының II жалпыресейлік отырысында «қоныстандыру туралы» арнайы резолюциясы қабылданды, онда «игерілмеген жерлерге жоспарлы қоныстандыру, екіншіден, ауыл шаруашылық жұмысшыларын қозғалыс барысында кооперативтерге т.б. колективтерге біріктіру» [3]. Демек, жоспарлы қоныстандыру арқылы еңбекші бұқараның экономикалық қана емес, саяси – кооперативтірдіру, ұжымдастыру міндеттерін толық шешеміз деген сенімде болды. Жер туралы лениндік декрет одақтағы барлық ұлттар еңбекшілеріне бірдей жарияланған еді. Алғаш қазан төңкерісінен кейін Торғайда шаруа, қырғыз, солдат және жұмысшы депутаттар 1918 жылы 19 наурыздағы облыстық съезінде ауылшаруашылығына пайдаланылатын жердің барлығы бүкілхалықтың жер қоры болып табылады және «...подлежат справедливому распределению между трудовым киргизским и русским на-селением...» [4] деген шешімі Қазақстанның барлық жергілікті кеңестер съездерінде жалғасын тапты. Осы орайда қоныстандыру саясаты ғана емес, кеңестік саясаттың ақиқаты төл ұлттымыздың этникалық шығу тегіне мән бермей мемлекеттік дәрежедегі құжатта «киргиз» деп көрсете салуы, екіншіден, жерді иеленуде орыс

ұлтының ерекшеленуі көрінеді. 1929 жылы 13 ақпанды БКП Қазак Өлкелік Комитетінің (б) бюросы қоныстандыру және Қазақстанда қоныстандыру Басқармасын ұйымдастыру туралы мәселесін қарап, республикада қоныстандыру жұмыстарын жүргізу жоспарын бекітегіндей шешім қабылдады [5].

Қазақ АССР Кеңесінің 7 съезі (8–15 сәуір 1929 ж.) Кеңес Одағының аймақтарынан келген қоныстанышыларға республика шекарасын ашу мүмкіндігі туралы көзделіп, осы жылдан бастап Қазақстанға жоспарлы қоныстандыру жүргізіле бастады.

Жалпы қоныстандыру және көші-қон жұмыстары Орталықтан басқарылып отырды. 1950 жылға дейін арнаулы қоныстандыру жүргілгенмен белгілі бір жүйелілік сақталмады. 1950 жылы республикада көш-қон Басқармасы құрылды, ал 1956 жылы жұмысшыларды жинақтау органдары «Оргнабор» Басқармасымен біріктірілді. Кеңестік дәуірдің қоныстандыру және көші-қон саясаты салдарынан тұрғындардың санының өзгеруі, ұлттық құрылым мен миграционикалық әсерлері болды.

1960–1980 жылдардағы көші-қон үрдістерін зерттеу қорытындысында төмендегідей тұжырымдар жасалады:

біріншіден, көші-қон қоғам бағытының мұдделеріне сәйкесіздігі;

екіншіден, халық шаруашылығын дамытудың күн талабына сәйкес шешімін таппаған мәселелер кейінге қалдырылуына байланысты экономика саласына әсерін тигізеді;

үшіншіден, тұрғындардың көші-қонын реттейтін заңының жоқтығына байланысты көші-қон ахуалы сол кезеңдегі қайта құру, экономикалық реформаларға байланысты іс-шараларды жүзеге асыруға бөгет болды, қындауды десе де болады [6].

1960–1990 жылдардағы қоныстандыру және көші-қон саясаты өз деңгейінде жүргілдеуінен, гуманизацияланған шынайы үрдістермен ұштаспау салдарынан, 1986 жылғы ұлтаралық қақтығыстар шиеленісі, жылдар бойы төл ұлттымыздың өз елінде қысымшылық көруи КСРО-дағы ұлт саясатының келенсіз жақтарын:

– ұлттық-территориялық құрылымды (Ресейге ғана мәлім) жасанды құра салуы (автономиялық республика, округ, облыс);

– қазақ этносының ұлттық-мәдени ерекшеліктерін ескермesten кемсіту, олардың ұлттық тарихына, тіліне, дәстүріне қол сұғу, күштеп ассимиляциялау (нақтылап айтқанда орыстандыру);

– елді басқарудың шексіз Орталықтануы, КСРО-ғы барлық мәселелер тек Мәскеуде шешілтін болды, ол шындығында аймақтарды ішкі, жергілікті іс-шара-

лар дербестігінен айырды;

— «жергілікті жерлерде» орталық ведомстволарының қолынан келген шараларды жүзеге асыра салуы, республикадағы ұлттық ресурстарды біртұастандыру және дұрыс бөлмеу, ұлттық шаруашылық дамуын біржакты бекітіп қою (мәселен, Қазақстан ауыл шаруашылығымен, Өзбекстан мақта өсірумен айналысады т.б.), халықтың экономикасы мен табиғи ұлттық байлығын талан-таражға салу, аймақтағы әлеуметтік, экологиялық және мәдени салалардың дамуына мән берілмеуі.

Мұндай саясат “ұлы орыс” халқының дәріптелу нәтижесі – орталықтанған кеңес мемлекетінің құлауынан көрінгені мәлім. Әлемдік тәжірибе жалпы адамзаттық мәселені шешуде ұлттар бірлігі тиімділігін айғақтайды.

Кеңес дәуіріндегі қоныстандыру және көші-қон саясатының нәтижесінде ұлтаралық алауыздық пісіп жетілді. Сондықтан да өткен қоғам саясаты сабактарынан өзекті мәселелер туындаиды. Әрбір қазақстандық үшін негізгі мәселе ұлттық татулық, ұлттық даму, ұлттық сана, ұлтаралық бауырмал қатынас. Ендеше болашақ тыныштығы республикадағы ұлттар қатынастары дамуы бір-бірінен ажырағысыз этникалық дифференциация және интеграция тенденцияларына байланысты [7].

Бұғынгі күнгі өткен тарих беттерінен тағылым ала отырып ел басымыз Н.Назарбаевтың «Қазақстан халқының азаматтық таңдауы – тарихи зерде, ұлттық татулық және демократиялық реформалар» жолын таңдауында, қоныстандыру мен көші-қонның үлкен саясат екендігін атап көрсетеді және оған салиқалы байыппен қарауды ескерте келе, ұлттық келісім дегеніміз – тегінде теориялық пікір сайыс мәселесінен гөрі көбінесе практиканың, мемлекет күнбек-күн іске асыратын саясаттың мәселесі деп көрсетеді.

1992–1993 жылдары әрбір төртінші қазақстандықты ұлтаралық қатынастардың ушығу қатері қатты ма-залаған еді. Алға ұлттық татулық – саяси тұрақтылық негізі қөзқарасы қойылды. 1980 жылдарда Қазақстаннан тұрғындардың тыскары жерлерге көшүі орын алды [8]. «1987-жылдары, мәселен жүздеген мың немістерге заңды түрде және орасан зор ауқымды этностық отанына, онымен қоса дүниежүзінің барынша дамыған әрі орнықты мемлекеттерінің бірі – Германия Федерациялық Республикасы сияқты отанына қайтып оралатын мүмкіндік туады-ау деп кім ойлай алар еді. Егер осындағы 1970–1980 жылдары берілген болса, онда, бәлкім көші-қон ағыны бұдан кем емес, тіпті ауқымдырақ болар еді». Гректердің Грецияға, поляктардың Польшаға т.б. еш кедергісіз қоныс аудару мүмкіндігі

болды ма? Жоқ, бұрын ондай мүмкіндік болған жоқ. Кеңес өкіметі тұсында әдетте тұрғындардың сыртқы (халықаралық) көші-қонына тыйым салынды немесе оған саяси астар берілді».

Сондықтан 90-жылдардың басында көші-қон, қоныстандыру үрдісінде мемлекеттің, республика тұрғындарына тұрғылықты жерді таңдау еркіндігін берген еліміз заңдарының, күллі саяси саланы ырықтандырудың шешуші рөл атқарғанын мойындағы.

Көші-қонның шарықтау шыңы 1992–1994 жылдардың үлесіне тиеді. Мәселен, 1996 жылы елден қоныс аударушы орыстардың саны 1994 жылмен салыстырғанда 3,2 есеге қысқарған. Қазақстаннан тыскары жерлерге қоныс аударумен бірге, кері үрдіс – қайтып оралу үрдісі жүрді. 1994 жылы рәэмигранттар саны – 50 мың адамды құраса, 1997 жылы 17154 орыстар, 1410 немістер, 2349 адам україндықтар қайтып оралды, елде өзбектер санының өсімі бар [9]. Сондықтан да қоныстандыру мен көші-қон мәселесінің тұрғындардың тұрмыстық жағдайымен, яғни ұлттар тағдырымен тікелей байланыстылығы болашақта оған байланысты құрделі мәселелерді шешу жоғарғы мемлекет деңгейінде үнемі көтеріліп отыратындығы айқындалады.

Ұлттық саясатты іске асырудың бірегей қоғамдық институты болып табылатын Қазақстан халықтары Ассамблеясы құрылды, оның құрамында 27 республикалық және аймақтық, 250-ден аса жергілікті ұлттың мәдени орталықтар қызметін біріктіреді. Қазақ тарихында 1992 жылы қыркүйекте болған дүниежүзілік қазақтардың өкілдері қатысқан тұнғыш Құрылтайда президентіміз Н. Назарбаев былай деді: «Бұғынгі Құрылтайдың басты мақсаты – бүкіл әлемдегі қазақ қауымының болашағы жөнінде ойласу, ұлтымыздың тарихындағы осынау ерекше белестің тұсында ендігі тағдырталаймыздың қалай өрілетінін талқылау» [10].

Себебі 1989-жылдары республикада 600-ге жуық қазақ мектептері жабылып, ұлттық мәдениет, тіл, дәстүрге деген неміс-қаралылық басым болып келген еді. Ұлттар арасындағы алауыздық 1989 жылды Жаңа-өзенде мұнай өндіретін орталықта төл ұлтымыз берін жұмысшы – вахташылар арасындағы (маусым айында) қанды қақтығысын тудырып, ішкі істер қызметкерлері мен әскер араласқаннан кейінған тоқтатылды [11]. Ұлтаралық шиеленістің қүшесінде ұлттық саясатты жедел қарау қажеттігін туғызды. Ұлттық саясатты ретке келтірудің алғашқы қадамы 1989 жылды қыркүйекте «Тіл туралы» қазақ тілін мемлекеттік, ал орыс тілін ұлтаралық қатынас тіл ретінде жарияланған Заңың қабылдануы болды. Бұл республикадағы қоғамдық саяси жағдайды, этникалық қайшылықтарды

қалыпқа түсірді.

Тек 1990–1991 жылдары 482 қазақ бала-бақшасы, 155 жалпы білім беру мектептері ашылып, 49 ұлттық-мәдени орталықтар құрылған еді. Сондықтан да жылдар бойы кеңестік дәүірде жүргізіліп келген қоныстандыру мен көші-қон саясатының салдарынан туындаған тарихи-саяси оқигаларды ретке келтіру, этнодемографиялық, көші-қон үрдістерінің өркениеттік алғы шарттарын жасауға мемлекет басшылығы және парламент депутаттары тарапынан жасалынып жатқан ішшаралар болып табылады.

Осы орайда филос. ф. к., Е. Ю. Садовская 90-жылдардағы көші-қон себептерінің бірі ретінде тіл мәселесін ерекше атап өтеді. Ол орыс тілінің Қазақстан Республикасы Конституциясы бойынша екінші мемлекеттік тіл ретінде мәртебе ала алмағанына, мемлекеттік басқару органдарында жоғары мамандар құрамының 80 пайзының төл ұлттымыздың өкілдері екендігіне өкініш білдіре отырып, республикадан орыстардың жаппай көшу факторы ретінде (Садовская Е. Ю. «Внешняя миграция в Республике Казахстан в 1990-е годы: причины, последствия, прогноз») болжам жасағанмен, 2004 жылы Қазақстанның соңғы 40 жылдық тарихында тұнғыш рет эмигранттардан иммигранттардың жалпы саны асып түсті. Тұрғындардың сыртқы (халықаралық) көші-қоны соңғы бес жылда жана белеске бұрылды, эми-гранттардың (1999 ж. 165 мыңдан 2004 ж. 65,5 мыңға дейін) жалпы саны қыскарып, иммигранттардың саны (1999 ж. 41 мыңдан 68,3 мыңға) есіп республикада оң көші-қон сальdosына жетуге алғашкы қадам жасалынды, оның ішінде орыстар арасындағы эмигранттар саны 1999 ж. 92 мың адамнан 2004 ж. 39 мың адамға кеміді [12]. Ендеше қыншылықтарды жене отырып болжамға ғана сүйенбей, «әрбір қазақстандық сеніміне, ұлтына қарамай дәстүрін, мәдениетін, дінін таңдай алатын ерікті қофамның негізін нығайтуымыз қажет» [13].

Осының дәлелі ретінде өзінің тарихи Отанына оралушылар (оралмандар), қоныстанушылар отбасыларының қунделікті өміріне қажетті жағдай жасау мақсатында 13 желтоқсан 1997 жылы «Тұрғындардың көші-қоны туралы» Заң қабылданды, онда мәртебелік, жене құнделіктің негізгі нормалары, көші-қон үрдісінің қаржылануы мазмұндалады [14]. Көші-қон және демография жөніндегі Агенттіктер, олардың облыстық Басқармалары мен бөлімдері құрылды. Еліміздегі демографиялық және әлеуметтік экономикалық дамудың қажетті жағдайын жасау, қоныстанушылардың құқтарын қорғау, еліміздің мемлекеттік қауіпсіздігін нығайту мақсатында 2001–2010 жж. арналған көші-қон саясатының салалық бағдарламасы бекітілді [15].

Қазіргі ғаламдық мәселелердің бірі экологиялық, әлеуметтік жағдайдың үшігуы, республикашілік көші-қон үрдісі ағынының тоқталмауына себеп болуда. Сондықтан да әртүрлі әлеуметтік, этнодемографиялық бағыттағы зерттеулер қажеттігінің туындауы, ағымдағы кезеңде қоныстану мен көші-қон үрдісін реттеу механизмдері күн тәртібінен түспейтіндігін айқындауды, бұл мәселемен Қазақстанда 1996 жылы құрылған көші-қон және демография Агенттігі айналысада және қадағалап сараптауда. Сондықтан да өткенге қарап тарихи тағлымы мол үрдістер мен кеңес дәүіріндегі «одақтас республикалар жұмысшыларын қоныстандыру және жинақтауды ұйымдастыру Бас басқармасы» жөніндегі деректерді ғылыми тұрғыдан игерудің қазақ тарихы ушін ғана емес, қазіргі тәуелсіз, егеменді көпұлтты Қазақстанның ұлттары мен ұлыстарының мәдени тарихи дәстүрлерін дамыту жолында ақиқаттың бетін ашып түсіністік ынтымақ құруда, болашакқа туралы бұруға тигізег әсері мол. Өйткені тың деректер мен соны айфактарды ғана емес, қоныстандыру, көші-қон қыспағына түсken қазақ қауымының тағдыр талайына қатысты ғылыми пікірлер мен көзқарастарды тұжырымдауға кеңес дәүіріндегі мұрағат деректерін зерделеу болашақтың міндегі.

Демек, қоныстандыру және көші-қон саясаты мәселесі материалдарын тарихи-әлеуметтік, саяси ғылыми көзқарастар мен мұрағаттық деректері тұрғысынан саралау қажеттілігі туындауды.

## ӘДЕБІЕТ

1. Турсынов Б.Ж. Нравственно-духовное просвещение. Алматы: «Фараби-фонд», 1995. 223 с.
2. Ленин В.И. Толық шығармалар жинағы. 35-т. 26-б.
3. Базанова Ф.И. Формирование и развитие структуры населения Казахской ССР. Алматы: Казахстан, 1987. 25 с.
4. Сонда. 28-29-66.
5. Ковалевский С. Деятельность партийной организации Казахстана по осуществлению переселенческих мероприятий в 1929-1930 гг. // Вопросы истории КПСС. Казгосуниверситет. 1975. Вып. IV. 45 с.
6. Москвин Д.Д. Население СССР. Вопросы миграции (1960-1980-х годов). М., 1991. 99 с.
7. Куликов Л.М. Две тенденции в развитии национальных отношений. М.: Финансы и статистика, 2001. 88 с.
8. Назарбаев Н. Қазақстан халқының азаматтық таңдауы – тарихи зерде, ұлттық татулық және демократиялық реформалар (Қазақстан халықтары ассамблеясының IV сессиясындағы баяндама). Ақмола: Қазақстан, 1997. 6 маусым, 33-35-бб.
9. Современный Казахстан: цифры и факты. Алматы, 1998. 43 с.
10. Әбдекімұлы Ә. Қазақстан тарихы. Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1997. 358-б.
11. Кузембайұлы А., Абиль Е. История Республики Казахстан. Астана: Фолиант, 2000. 348 с.
12. Казахстан сегодня. Информационно-аналитический

- сборник. Алматы, 2005. 42 с.
13. Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Үндеуі. 2005 жыл. 45-б.
14. Закон Республики Казахстана «О миграции населения» // Казахстанская правда, 1997, 18 декабря.
15. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 29 қазан 2001 ж. № 1371 Қаулысы.

### Резюме

В статье дается анализ миграционной и переселенческой политики, проведенной в период Советского государства; показано регулирование механизмов миграционного процесса в независимом Казахстане с акцентом на допущенные ошибки в историческом периоде; определена актуальность и значимость фактора в изменении общественных отношений и его влияние на количественную и национальную структуру населения.

Институт истории  
и этнологии

Поступила 2.03.06г.

Ж. А. КУЛАНЧИЕВА

## НЕЙРОПРОТЕКТОРНОЕ ДЕЙСТВИЕ ВИТАМИНОВ И РУВИМИНА ПРИ ВАНАДИЙЗАВИСИМЫХ НАРУШЕНИЯХ НЕРВНОЙ СИСТЕМЫ

Известно, что соединения ванадия оказывают патогенное влияние на нервную систему [1, 2], однако патогенетические пути коррекции этих нарушений изучены недостаточно.

В связи с этим целью настоящей работы явилось изучение защитного значения витаминов (аскорбиновой, никотиновой кислот), препарата корня солодки – рувимины при ванадийзависимых нарушениях нервной системы и процессов формирования, консолидации и воспроизведения оборонительных условных рефлексов активного и пассивного избеганий в эксперименте.

### Материалы и методы исследования

Опыты проведены на 65 белых беспородных крысах м.т. 140–240 г. Все животные подразделены на 5 серий опытов:

1 серия – контрольная, где животные получали равный объем физиологического раствора (0,9 % NaCl) (13 крыс);

2 серия – животным однократно в/м вводили раствор ванадата аммония (ВА) в дозе 10 мг/кг м.т. (13 крыс);

3 серия – животным, получавшим ВА, вводили аскорбиновую кислоту (АК) (50 мг/кг м.т. перорально) в течение 3 суток (13 крыс);

4 серия – животным, получавшим ВА, вводили никотиновую кислоту (НК) (50 мг/кг м.т. reg os) 3 дня (13 крыс);

5 серия – животные, получавшие ВА, получали раствор препарата корни солодки – рувимины (Р) (50 мг/кг м.т. reg os) по той же схеме (13 крыс).

В первый час после введения ВА животные реагировали однозначно: крысы сжимались в комок, замирали, проявлялась настороженность, пугливость, агрессивность в ответ на прикосновение, а также наблюдалось волочение задних конечностей с преобладанием тонуса разгибателей. Дыхание животных было поверхностным, частым. Шерсть была чистой.

На следующий день крысы становились малоподвижными, вялыми. На прикосновение проявляли агрессивность. У некоторых отмечалась диарея (кал зеленоватого цвета) и снижение аппетита. Шерсть животных становилась тусклой и взъерошенной.

На 4-е сутки после введения ВА у крыс отмечалась стабилизация шерсти, улучшение аппетита.